

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

- Гуманитарлық ғылымдар факультеті.
- Педагогика ғылымдар кафедрасы

- Тақырыбы: Жеке адам аралық қикілжің және оны шешудің тәсілдері

-
-
-
-

Қабылдаған: Дүйсенова Ж
Орындаған: Ыдырыс М
Тобы: ППП-711



Тұлғааралық кикілжің түсінігі.

Психологиялық тұрғыдан алғанда дау-дамай (конфликт) адамдардың санасындағы, қатынастарындағы жағымсыз сезімдермен байланысты қарама - қарсы бағыттардың тоғысуы



Дау-дамайлық қатынастар мен әрекеттердің негізінде бір-бірімен сәйкес емес, бір мезгілде жүзеге аса алмайтын қызығушылықтар, қажеттіліктер, құндылықтар жатады.

Дау-дамайдың түрлері

1. тұлғашіндік адам (өзімен-өзі келіспейді),

2. тұлғааралық (екі адам арасында),


3. топаралық (екі топ арасында),

4. тік (бастық пен қызметкер арасында),


5. көлденең (әріптестер арасында).




Дау-дамайдың құрылымы және дамуы



Дау-дамайдың психологиялық құрылымын екі ұғым



"дау-дамай жағдаяты"



"инцидент"



Дау-дамай жағдаяты дау-дамайдың нақтылы негізі, екі жақтың қызығушылығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық. Бұл әлі дау-дамайдың өзі емес, нақтылы болмыстағы қайшылықты ұзаққа дейін бірлескен әрекетке қатысушылар саналы түрде қабылдамай жүре береді.

Инцидент - дау-дамай жағдаятын саналы түрде түсіну.



Дау-дамайдың құрылымы:

Дау-дамай жақтары
дау-дамай нысанасы
дау-дамай жақтары

Әр дау-дамайдың нысанасы (даудың себебі болған нақтылы не идеалды зат) және жақтары (жеке адамдар не топтар) болады.

Дау-дамайға қатысушылардың ішкі және сыртқы позициясын ажырату керек. Сыртқы позиция - қарсыластарға ашық жарияланатын дау-дамайға қатысудың себебі. Ішкі позиция - дау-дамайға қатысудың шынайы себебі, даулы іс-әрекетке кірісуге түрткі болған қызығушылықтар, құндылықтар, мотивтер.




Дау-дамай шешілуінің сипаттамасы

Дау-дамайды шешудің екі негізгі жолы бар: инцидентті өшіру және дау-дамай жағдаятын тарату.


Инцидентті өшірудің бірнеше әдістері бар.

1. Бір жақтың ұтысын қамтамасыз ету.
2. Қатысушыларды бір-бірінен кеңістікте екі жаққа толық ажырату.
3. Жағдайды іштей басқа көзқараспен қабылдау.
4. Тікетіретсең ынтымақтастыққа көшу.







• Бір жақтың ұтысын қамтамасыз ету. Екінші жақ келіссе, бұл даудың аяқталғаны. Бірақ тіршілікте керісінше болуы әбден мүмкін, сондықтан мұндай шара - уақытша болып, келесі инцидентте өрши түседі. Мысалы, вендетта - "жанға жан, қанға - қан".




• Қатысушыларды бір-бірінен кеңістікте екі жаққа толық ажырату. Мысалы, ажырасқан жұбайлар бөлек пәтерлерде тұратындықтан, енді жанжалдаспайды. Бірақ, бұл дау-дамайдың толық шешілмегендігінен (ішкі сезімдер өзгермейді) әрі жүзеге асырылуы (мұғалімді не шәкіртті басқа сыныпқа, мектепке көшіру оңай емес) қиын болғандығынан күрделі жол.



• Жағдайды іштей басқа көзқараспен қабылдау. Қатысушылардың рухани құндылықтары өзгеріп, көзқарастары өзгеріп, дау-дамайдың нысанасын мүлдем өзгеше түсініп, өзара қарым-қатынастары жақсарады.



• Тікетіреткен ынтымақтастыққа көшу. Искерлік саладағы дауларды шешудің әдісі. Қарама-қайшылықтарды азайтып, ортақ мақсаттарды ұлғайтыш келісімге келу жолы. Осы жерде делдал (билік өнерді меңгерген адам) қызметі өте маңызды болады.



Дау-дамайдың қызметтері

Дау-дамайды адамдар жағымсыз сезімдермен байланыстырып, одан қалай да болса тезірек құтылудың амалын іздейді. Бірақ, дау-дамайдың тек қана жағымсыз емес, жағымды да қызметі бар.

Дау-дамайдың жағымсыз, бұзу қызметтері:


-бірлескен іс-әрекетті бұзу,

-адами арақатынастарды жамандату,


-денсаулықты, көңілді төмендету.

Дау-дамайдың жағымды, құру қызметтері:

-жеке тұлғаның, топтың, тұлғааралық қатынастардың дамуының, өзара әрекеттердің жаңа түріне, әдісіне өтудің қайнар көзі,



топты іріткен факторлардан арылу, тұлға мен топты тоқыраудан
құтқару, дамыту,



-қатысушылардың өзара түсінушілігін, денсаулығын арттыру.
Сонымен, дау-дамай жаман емес, оны реттей алмайтын адам жаман!

